

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТЫДЕРІ ФАКУЛЬТЕТІ



Жамбыл Жабаевтың 170 жылдық мерейтойына арналған
«ЖАМБЫЛ АҚЫНДЫҚ МҰРАСЫ ЖӘНЕ
ЖАМБЫЛТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, 25 ақпан, 2016 жыл

Филология және әлем тілдері факультеті

Жамбыл Жабаевтың 170 жылдық мерейтойына арналған
«ЖАМБЫЛ АҚЫНДЫҚ МҰРАСЫ ЖӘНЕ
ЖАМБЫЛТАНУДЫҢ
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ» атты
халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның
МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, 25 ақпан, 2016 жыл

Жалпы редакциясын басқарған филология ғылымдарының докторы,
профессор **Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ**

Ғылыми редакторлар:

Темірболат А., Есімова Ж., Солтанаева Е.

Жауапты шығарушы:

Какимова А.

Жамбыл Жабаевтың 170 жылдық мерейтойына арналған «Жамбыл ақындық мұрасы және жамбылтанудың өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. Алматы, 25 ақпан, 2016 ж. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 276 б.
ISBN 978-601-04-1898-1

Жинаққа Қазақ халқының ұлы ақыны Жамбыл Жабаевтың 170 жылдық мерейтойына арналған «Жамбыл ақындық мұрасы және жамбылтанудың өзекті мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары енгізіліп отыр.

Ғылыми жинақ әдебиеттанушы ғалымдарға, университеттер мен педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттеріне, магистранттарына, доктранттарына, жамбылтанушы ғалымдарға арналған.

М А З М Ұ Н Ы

Мұтанов Ғ. <i>Алғы сөз</i>	3
Дербісәлі Әбсаттар қажы. <i>Жамбыл және Шығыс поэзиясы жайлы үзік ой</i>	5
Қожамқұлов Т. <i>Сүйінбай – Жамбыл дүниетанымы</i>	8
Шаптайұлы Ж. <i>Жамбыл және Замаң</i>	10
Қалижанов У. <i>Жамбыл поэзиясының поэтикасы</i>	17
Әбдиманұлы О. <i>Жамбыл жырлары – азатшыл рух айнасы</i>	32
Қасқабасов С. <i>Жамбылтанудың келелі мәселелері</i>	38
Ағыбаев А. <i>Жамбыл жырлаған батырлар</i>	41
Дәлебаев Ж. <i>Жамбыл</i>	48
Сманов Б. Ж. <i>Жабаевтың шығармашылығын оқыту</i>	64
Қапалбекұлы Н. <i>Ұлылар ұлагаты</i>	70
Тургуналиев Т. <i>Жамбыл: төкмө акындықтың кереметі</i>	78
Орозобекова Ж. <i>Жамбыл Жабаев жайы кыргыз акындык поэзиясының тарихы, кыргыз-казак акындык байланышындағы салттуулук</i>	82
Ергалиев Ж. <i>«Құранмен» бірге сақталған бір кітап</i>	87
Далабаев Ж. <i>Халық – оның шын аты</i>	91
Тілепов Ж. <i>Ұлы жыршы жырлаған заман мен адам</i>	94
Мәдібай Қ. <i>Жамбыл жырлаған «Өтеген батыр» жырғына қатысты танымдық, әдіснамалық еңбектері</i>	98
Ісмақова А. <i>Қазіргі Жамбылтанудың басты мәселелері</i>	102
Бұлдыбай А. <i>Ұлылардың ұстанымын жалғастырған – Жамбыл Жабаев</i>	108
Үмбетасов М. <i>Жамбыл жырлары – рухани асыл қазынамыз</i>	115
Қазыбек Г., Әбішев Ә. <i>Жамбыл шығармаларының орыс тіліне аударылу ерекшеліктері</i>	121
Ыбырайым Б. <i>Жамбыл және авторлық ауызша әдебиетті зерттеу мәселелері</i>	125
Ақыш Н. <i>Жамбыл мен Тоқтоғұлдың жауаптасуы</i>	129
Тебегенов Т. <i>Жамбылдың көркем шығармалардағы әдеби бейнесі</i>	131
Тебегенова А. <i>Жамбыл айтыстарының көркемдік-эстетикалық сипаты</i>	137
Әбдікүлова Р. <i>Жамбыл поэзиясындағы шешендік иірімдер</i>	143
Шортанбасов Ш. <i>Жамбыл мұрасы – мәңгілік елдің мирасы</i>	146
Ізбасарова Қ., Тәңірбергенова Г. <i>Жамбыл және Әбубәкір (Кердері) Боранқұлұлының айтыс өнері</i>	148
Коккозова М., Мәсімбаева А. <i>Жамбыл Жабаев шығармаларының идеялық-көркемдік маңызы</i>	151
Айтбаева А., Шыңғысханқызы А. <i>Жамбыл жырларындағы батырлар бейнесі</i>	156
Алдабек Н. <i>Ақындық өнер тұлғасы</i>	158
Сарбасов Б. <i>Жамбылдың Құлмамбетпен айтысы</i>	161
Өмірбаева Т. <i>Айтыстардағы ұлттық дүниетаным және көркемдік ойлау</i>	164
Мырхалықов Ж. <i>Даналық пен даралық!</i>	167
Тұрысбек Р. <i>Ақындық өнер және Жамбылтану</i>	170
Сағынған Н., Төлебаева А. <i>Жамбыл Жабаевтың арнау өлеңдері</i>	174
Қадыров Ж., Жәмбек С., Мұсапирова А. <i>Қазақ әдебиетіндегі Жамбыл жырлаған жаңашылдық</i>	176
Жанбершісва Ұ., Айтбаева А. <i>М.Дүйсенов – Жамбылтанушы</i>	180
Сейдімханова Т.Б. <i>Халқының ардақтысы Жамбыл абыз</i>	183
Тілеуова А.З. <i>Жамбылдың арнау өлеңдері</i>	186
Сапартасва Л.Е. <i>Ж.Жабаев өлеңдерінің көркемдік ерекшелігі</i>	190
Машакова А. <i>Перевод и рецепция Жамбыла за рубежом</i>	195
Жайлаубай Ж., Естай Қ. <i>Әділетті ту еткен жыр жампозы!</i>	198

**ЖАМБЫЛ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН
ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ**

Құрманбай Г., Көпеш К. <i>Мектепте Жамбылды оқытудың жаңа жүйесі</i>	208
Үмбетаев М. <i>Жамбыл өлеңдерін оқыту амалдары</i>	212
Шортанбасов Ш. <i>Ақын өлеңдерін оқытудың өзіндік ерекшеліктері</i>	216
Есембесков Т., Солтанаева Е. <i>Постмодернистік үлгіде жазылған шығармаларды оқытудың ерекшелігі</i>	218
Мәдібай К., Оспанова Г. <i>М.Жұмабаевтың ұлт мектебінде ана тілін оқыту әдістемесі</i>	221
Керімбекова Б. <i>Әдебиетті ойын арқылы оқыту әдістемесі</i>	224
Қыдырбай М., Бораш Р. <i>А. Байтұрсынұлы мұраларындағы әдістемелік ойлар</i>	228
Альжанова А. <i>«Айқараңғы» романы және онымен тақырыптас қазақ қаламгерлерінің шығармалары</i>	231
Әбдіқұлова Р., Оспанова А. <i>ҚазҰУ-дан қанат қаққан немесе өрісті өнеге</i>	235
Каршығасва А. <i>Қазақ тілі дыбыстарын жаңаша оқытудың ғылыми негіздері</i>	237
Мәдібай К., Оспанова Г. <i>Қашаған Күржіманұлының шығармашылығын оқыту әдістемесі</i>	240
Әбдіқұлова Р., Оспанова А. <i>Шешендік өнерді оқыту</i>	244
Қартабасва А.Т. <i>Алғашқы әдістемелік-бағдарламаның жазылу тарихы</i>	247
Абиханова Г. <i>Алаш ақыны – Әлмағамбет Оспанұлы шығармаларындағы ұлттық құндылықтар</i>	249
Сағындықов Н., Қобанова Ш. <i>Дидактикалық әдебиетті оқыту – үйрету мен тәрбиелеудің бір әдісі</i>	256
Сейдімханова Т.Б. <i>Қазақ халқының ғашықтық жырлары</i>	260
Ахмет К., Ауанова А. <i>Сәкен Сейфуллин – алғашқы қазақ оқулықтары авторларының бірі</i>	264
Досанова Н. Е. <i>Раушанов шығармашылығындағы құстар және рухани әлем</i>	266
Жаксығенов Н. <i>Абайдың төл шығармашылығы мен аудармасындағы үндестік (М.Ю.Лермонтовтан аударған «Вадим» поэмасының негізінде)</i>	269

ауыз әдебиеті» атты кітабында зерттелген көптеген әдебиет нұсқалары Сәкен кітабы бойынша көрсетілген» [8, 414].

Ұлы тарихымыздың алтын ғасыры болып есептелетін ХХ ғасырдың басында, әсіресе 20-30 жылдары мемлекеттік қызметті атқара жүріп, әдебиеттің проза, поэзия, драматургия жанларының өсіп-өркендеуіне үлес қоса жүріп, ұлттық әдебиеттің келелі мәселелері жөнінде де дер кезінде үн қосуы, әдебиеттің тарихына өте жауапкершілікпен қарауы, зерттеушілерге, ізденушілерге, оқырманға берген бағыт-бағдарынан ғылыми көзқарасының да басқа шығармашылығынан қалыспайтынын аңғартады. Ал ғылыми зерттеулерін, әдістемелік оқу құралдарын бөліп алып қараған уақытта толыққанды ғалым деп толық айтуға да болар.

Қоғам, мәдениет қайраткері, ақын-жазушы С. Сейфуллиннің өзімен тұстас, үзеңгілес ақын-жазушылармен, әсіресе «Әдебиет танытқыш» авторы әдебиеттанушы А. Байтұрсыновпен, «Психология», «Жан жүйесі және өнер таңдау» еңбегін жазған классик-жазушы Ж. Аймауытовпен, қазақ мұғалімдеріне «Педагогиканы» жазған классик-ақын М. Жұмабаев, «Қазақ халық әдебиетін» жазған Х. Досмұхамедовтермен бірге ұлт басына бұлт үйірілген тұстада да жанкештілік танытып, қазақ жастарының сауаттануы мақсатында оқулық жазған санаулы топтың қатарынан табылуы бүгінгі ұрпақ, ізденуші жастар үшін үлкен өнеге.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының туу және қалыптасу жолдары, 2009.
2. Сейфуллин С. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2006. 6-т. – 392 б.
3. Досмұхамедұлы Х. Ауыз әдебиетін жинау жайында // Еңбекші қазақ, 1924. – 6 шілде. – №224.
4. Ашенова А.Т. 1920-30 жж. қазақ фольклортану ғылымы [мәтін]: ф.ғ.к., дис. – Алматы, 2010. – 266 б.
5. Қазақ әдебиеті, 1957. – 22 ноябрь. – №47.
6. Камалиева К. С. Сейфуллин – оқулықтар авторы // Қазақстан мұғалімі, 1968.
7. Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-том. – Алматы, 1960. – 61 б.
8. Қирабасв С. Сәкен Сейфуллин. – Алматы: Жазушы, 1966. – 425 б.

Назира ДОСАНОВА,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университеті филология және әлем тілдері
факультетінің 2-курс магистранты

Е.РАУШАНОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҚҰСТАР ЖӘНЕ РУХАНИ ӘЛЕМ

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарында қасиетті өнер – әдебиеттің табалдырығын аттаған Е.Раушанов бұл күндері көрнекті ақын ретінде танылған көркем өнер суретшілердің бірі. Оның «Бастау» (1980), «Келінтөбес» (1984), «Шолпан жұлдыз туғанша» (1988), «Ғайша бибі» (1991), «Қара бауыр қасқалдақ» (1995), «Періштелер мен құстар» (2005), «Бозанға біткен боз жусан» (2006), «Құстар – біздің досымыз» (2009) т.б. сынды кітаптары жарық көрді. Аталған шығармаларында ақын өмірдің сан-салалы сырына үңіледі. Ел өміріндегі елсулі өзгерістерге, халықтың өткеніне көз жібереді. Өмір-тіршілік құбылыстарын сезіне, аса сезімтал-байқағыштықпен шебер суреттей білестін талғампаз ақын екенін көрсете білді.

Ақын кітаптарының бірін «Қара бауыр қасқалдақ», екіншісін «Періштелер мен құстар» деп атапты. Бұған қарағанда автор құстарға ерекше мән беретінін аңғаруға болады. Бағзы уақыттан бері халқымыз құстар әлеміне зер салып, олардың «тілі» түсінуге ұмтылған. Е.Раушанов құстардың үнін жанымен сезініп, олардың болмыс-бітіміне тереңдей үңіліп, шалғайда ұшып бара жатқан кез-келген құсты жазбай танитын ақын. Өйткені ақынның 2006 жылы «Бозанға біткен боз жусан» деген атпен жарық көрген өлең жинағын мұқият қарап шыққанымызда жетпіске жуық өлеңінде қанаттыларға қарата айтылған өлең жолдары мен бейнелеу құралдары ұшырасады. Томдегі өлеңде лирикалық кейіпкер өзінің іңкәрлігін Алатау көрінісімен ұштастыра жеткізеді.

*Сәл түнеріп қайтадан ашылды көк,
Жамылды күз жеп-жеңіл асыл жібек.
Құлақ түріп барады Алатауға
Қырандардың дауысына ғашық жүрек [1,22].*

Нағыз қыран (бүркіт) заңғар биік тауларды мекендейді. Ендеше қырандардың дауысына ғашық жүректің алатауға құлақ түре баруы нанымды.

Ақын өлеңдерінде қыран құстардың ішінен бүркіт, лашын, қаршыға, сұңқарды көп атайды. Осы қыран құстардың қай-қайсысы болса да әр түрлі мақсатта қолданылады. Мәселен,

Бүркітке ұқсап қарайтын томағалы

Келінтөбем ойыма оралады [1,59], –

дегенде туған жерін (Келінтөбені) томағалы бүркітке балайды.

«Біздің шалдардың өлеңі»:

Махамбет – қыран өлгенмен,

Ықылас – жылан тірі әлі [1,77], –

деген жолдарда қыран метафора, ал «Тас қыран» деген өлеңінде:

Бұрма, бұрма, бұрма кіл

Соқпақ өріп астынан,

Қондырды әкеп шыңға бір

өлі қыран,

тас қыран

немесс:

Айтам сөзді тізбелеп,

Асады оған кім құлақ,

...Қыран жігіт бізде көп [1,185].

Бұл жолдағы қыран эпитет қызметін атқарып тұр.

Қылтиғанда қырымнан шалатын, батыл, шапшаң ұшатын қыран құстарды неліктен көп қолданған? «Қазақ поэзиясының сөз кестесі мен өлең құрылысының түпкі негіздері ерте заманда, көне дәуірде қалыптасқанын дәлелдейтін мысалдар аз емес... Ер жігіт бейнесін қыранмен. Ару қызды ақкумен салыстыру қазақ, басқа түркі тілдес елдер ғана емес, көптеген халықтардың көне әдеби нұсқаларында, ауыз әдебиетінің ежелгі, ескі туындыларында ұшырасады» [2,32].

Бұған қарағанда аққу сынды құстарды поэзияда қолдану көптеген халықтардың көне әдеби нұсқалары мен халық әдебиетінде кездеседі скен. Ендеше бұл арыдан арна тартатын дәстүр жалғастығы деп білуіміз керек. Жақсы дәстүр ұлттық көркем шығарманың қаны мен сөлі сияқты: оның жақсы мазмұнын да, оған лайық формасын да аңғартады. Бұл жолда дәстүрдің кейбір тұрақты түрлері де немесе ұлттық психикаға, мінез-ғұрыпқа байланысты алуан түрлі көріністерінің жиынтығы да белгілі қызмет атқарады. Мазмұн форма бірлікті байқатса, ұлттық дәстүр сол бірлікті айқындай түсетін, бекіте түсетін фактор» [3,42]. Ақын осы дәстүрді саналы түрде пайдаланған, жалғастырған.

Екіншіден, «Қыран бүркіт мықтылықтың, қайсарлықтың, еркіндіктің белгісі... Қазақ құсбегілері бүркіттің пірін Әулие Жалайыр Шора ата деп табынады. Бұл адам құс атаулының «тілін» білген, қырандардың мекенін, қонағы мен ұясын, неге шабытталып, нені алатынын білген скен. Құстар «ұша берсем қанатым талады, жерге түссем Жалайыр Шора алады» деп зар қағады екен деген аңыз ел аузында болған» [4,159]. Халық ұғымында қыран құстарды (бүркіт, қаршыға, лашын, сұңқар) текті әрі киелі деп есептеген. Сондықтан ақын айтар ойын, әсерлі, бейнелі жеткізуді мақсат еткендіктен осындай көркемдеуіш құралдарды әдейі қолданған. Е.Раушановтың «Бар еді сол ауылда бір жас ақын» деген өлеңінде:

Періште секілді еді,

назырқанса

Аққудай айдынынан ұшып кеткен, [1,39] –

деп адамды ақкумен салыстырады.

Құс сайрап,

құмыр сөйлеп, бақ дуга еніп,

Айдын көл шалқыр тағы аққу қопып.

Жас дәурен – жапыраққа тұнған тамшы,

Ол ертең кетеді ұшып ақ бу болып [1, 212], –

дейді. Айдын көлдің сәні акку арқылы арта түсетіні ешқандай дәлелдеуді қажет етпесі белгілі. «Аккуды қазақ халқы ежелден қастерлеп, бақыттың бастамасы, жақсылықтың жаршысы пәктіктің, сұлулықтың белгісі деп есептейді. Әрі киелі құс торесі санап, оған ешуақытта оқ атпайды» [5,186]. Демек, айдын көлдің бетінде акку жүзіп жүрсе қандай жарасар еді. Бұл өлеңнің эстетикалық қуатын арттыра түседі, әсерін күшейтеді. Екінші жағынан, дәстүр жасалғастығы.

Е.Раушанов өлеңдеріндегі көп қолданылған қыран құстың бірі – лашын. Лашын өте шапшаң ұшатын алғыр құс. Қаршыға, сұңқар, лашын – «қызыл кітапқа» кірген оңайлықпен қолға түспейтін құстар. Бірнеше мысал келтірейік:

«Жеті үңгір сазы» деген өлең жолдарында:

*Жеті күйім, қайда сол Жетіүңгірім,
Боп қалды ма шынымен екінді күн?
Аңға салған лашыны лағып кетіп,
Құлазыған құсбегі секілдімін [1,29].*

«Көрпші қыз, ағай және «Назқоңыр»» деген өлеңінде:

*...Заңды гой жолдың жолға ұласуы,
Жылдардың қалды талай қыр-асуы.
Қоныпты басқа жанның торына кеп
Баяғы ардақтаған лашыны [1,60].*

«Бейнесуді көргендегі ой» деген өлеңінде:

*Тұмсығы секілденіп лашынның,
Имиіп бітісін-ай мына асудың [1,64].*

Соңында тазы

Қолында шегір лашын [1,138].

Соны айтып әсем керіп күлді қасын,

Сағақтап сақ құстарды ілді лашын [1,196].

«Әкемнің өлеңі»:

*Тәуекел деп қойып кеткен тұманға,
Біз дағы бір адасқан лашын [1,260].*

Осы үзінділерде ақын лашынды бейнесі түрде түрлі сипатта қолданы. Бірінші мысалда ақын ойын тұспалдап жеткізеді. Қолдағы қыран құсы-лашыннан айрылса, құсбегі қандай көңіл күйде болар еді? Әрине, көңілі құлазып, жаны жадау тартар еді. Ақын өзін дәл осындай күйде сезінеді. Құсбегі үшін лашын құстың қаншалықты қымбат екенін жақсы білетіндіктен, сонымен салыстыра отырып өзінің жағдайын тартымды, шебер елестетеді. Сондықтан «тұспал сурет, балама бейнелер шығармадағы айтылып отырған түрлі ой-пікір, сезімді күшейте түседі» [1,30]. Бұл ақынның шеберлігін танытады. Ақын өлеңдерінде өзгеше өрнектер жасауға көбірек ден қояды. Орынды қолданылған көркемдеу құралдары өлеңнің бейнелілігін күшейтіп, әсерін арттыра түскен.

Ақын «Қара бауыр қасқалдақ» атты өлеңінде қасқалдаққа қараға сөйлеп, онымен сырласады.

Қара бауыр қасқалдақ, қай жаққа ұштын пыр-пырлап?

Сазың қалды сәбидің сибегіндей былқылдап.

Мекен еткен сазын тастап қара бауыр қасқалдақ қай жаққа ұшты. Әлде бір жайсыз жағдайдан үрікті ме екен? Қасқалдақтың кетуіне бір нәрсенің кесірі болуы әбден мүмкін. Лирикалық кейіпкер (ақынның өзі) қасқалдаққа өтініш-тілек айтқандай болады.

Қара бауыр қасқалдақ, қасқалдағым, кері қайт,

Сиреп кеткен тоғайға қамықпа деп көңіл айт!

немесе:

Ұя қалса иесіз – айдын үшін сол қайғы,

Қаңғып келген шүрегей көлдің сәні болмайды, –

дейді. Өлеңде астарлы мағына басым. Осы ретте Махамбеттің «Қызғыш құс» өлеңі еске түседі. Махамбет қызғышқа, Есенғали қасқалдаққа тіл қатады. Әсіресе ұясы неге иесіз қалады, қаңғырып келген шүрегей кім? Тоғайды сиретіп, экологияны бұзған бассыздық кім арқылы жасалған? Бұл

бодандық кездің болмысын аңғартатын сияқты. Қалайда бір сыртқы күштің әсері сезіледі. Өлең соңын:

*Өз босағаң бұл жердің тауы, белі, төбесі,
Босағасын басқаға тастай ма екен, о несі?*

*Қасқалдағым, кері қайт!.. –
деп бітіреді [1,116].*

Ақын қасқалдақ сөзін әлдеқашан рет қайталау арқылы өлеңнің әсерлілігін арттыра түскен. Өз босағасы болған жердің тауы, белі, төбесін неге басқалар иемдену керек? «Босағасын басқаға тастай ма екен, о несі?». Раушановтың бұл өлеңі үлкен әлеуметтік жүк көтеріп тұрған туынды десек артық айтқандық емес.

Біздіңше қара бауыр қасқалдақ қазақ халқының жиынтық бейнесі. Ақын өз заманының (кәсіптік кезеңнің) әлеуметтік-қоғамдық шындығын астармен ауыспалы мағынада шынайы бере білген. Сондай-ақ ақын босаға сөзінің орнына «ел» деген сөзді қолданса, онда біраз «шатақ», дау тууы әбден мүмкін. Орнын тауып тұрған әр сөз өлеңнің идеялық мазмұнын ашып, мәнін тереңдетіп түскен. «Өнердің өзіне тән ұлттық сипатының негізгі көзі – оның күллі тарихи-әлеуметтік болмысына, қоғамның рухани өмірінің ерекшеліктеріне, мәдениетінің ұлттық сипаты мен дәстүрлеріне тән болып келеді» [6,226]. Е.Раушанов өлеңдерін де осы пікір негізінде қарастырған жөн деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Раушанов Е. Бозаңға біткен боз жусан: Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Раритет, 2006. – 384 б.
2. Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 368 б.
3. Базарбасов М. Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы. – Алматы: Жазушы, 1973. – 256 б.
4. Энциклопедия. – Алматы: Кітап баспасы, 2013. – 392 б. (кұраст. Сужикова А., Леккерова Ф., Солтанғазина М.)
5. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. – Алматы: Қазақ энциклопедия, 1998. – 1-т. – 720 б.
6. Эстетика. Словарь. – Москва: Политиздат, 1989. – с.447.

Нұрсұлтан ЖАҚСЫГЕНОВ,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
2 курс магистранты

АБАЙДЫҢ ТӨЛ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ МЕН АУДАРМАСЫНДАҒЫ ҮНДЕСТІК (М.Ю.ЛЕРМОНТОВТАН АУДАРҒАН «ВАДИМ» ПОЭМАСЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ)

Қазақ әдебиетінің қара нары Мұхтар Әуезовтің келелі пікірі алдағы барлық жұмысымызға сілтеме жасағандай.

«Қазақ ұлы ақынының шығармалары ұлттық және бүкіл адамзаттың әдебиетінің ұлы үш бұлағынан нәр алып отырды.

Осылардың бірі – халықтың сарқылмас мол қазынасы. Оның бұрынғы ауыз әдебиеті ескерткіштерінде сақталып қалған қазақтың ауызскі сөз мәдениеті еді. Абайдың шығармалары осындай баға жетпес қазына байлықтарынан қорек алып отырды. Өз халқының поэзиялық мұрасымен терең тығыз байланыса отырып, Абай мұнымен өз поэзиясын байытты.

Екінші бұлағы – Әлішер Науаидің, Низамидің, Фирдоусидің және басқалардың классикалық шығыс поэзиясының таңдаулы үлгілері.

Үшінші бұлағы – орыс мәдениеті. Абайдың заманында осы бұлаққа ең алдымен оған дейін қазақ халқына таныс емес орыстың ұлы гуманистері мен классиктерінің мұрасына қол созылуы аса зор маңызы бар факті болды» [1, 47-48], – деп баға беруі нағыз сұр мергендік екені анық.

Абай жинағында бөлек бастырмамен әр жылдары бөлектеніп бастырылған аудармалардың барлық саны қырықтың ішінде. Сол қатарда Крыловтың төрт-бес мысалы және Лермонтовтың өз шығармалары мен аудармаларынан алғанын қосқанда сонда 27 өлең аударған.